

25 Шілде
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ФОРУМЫ: ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН ҚОЛДАУ

БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ ӘЙЕЛ-АНАЛАРҒА ӨЗ ІСІН АШУ ҮШІН ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУ, БАСТАПҚЫ КӨМЕК ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН БА? ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІ ТЕГІС АҚПАРАТ АЛЫП ОТЫР МА? БҰЛ ТЕТІКТЕРДІ ОДАН ӨРІ ЖЕТІЛДІРЕ ТҮСУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



Өткен аптаның соңында Ақтөбеде ұйымдастырылған Батыс облыстарының аймақтық ауыл әйелдерінің форумында осы мәселелер талқыланды. Жиынға 300-ден астам адам қатысты.

Оның ішінде Астанада Ауыл шаруашылығы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ұлттық экономика министрліктерінің қызметкерлері, көрші өңірлерден облыс әкімінің орынбасарлары мен кәсіпкер қыз-келіншектер, сондай-ақ түрлі халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері форумға онлайн режимінде қосылды.

Жиын ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары әкімдіктерінің, бірқатар халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың ұйымдастыруымен өтті. Жиынды Қазақстан ауыл әйелдері форумының ұйымдастыру комитетінің төрайымы, ҚР Парламенті Мәжілісінің V, VI шақырылымдарының депутаты Майра Айсина жүргізіп отырды. Алғашқы сөзді ол облыс әкімі Ералы Тоғжановқа берді.

Облыс басшысы әйел-аналардың барлық салада, соның ішінде кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес саласында да нәтижелі еңбек етіп отырғанын атап өтті.

Мысалы, біздің өңірде шағын және орта бизнес саласында өз

ісін ашқандардың 50 пайызы — әйел адамдар. Ералы Тоғжанов түрлі бағдарламалар арқылы өз кәсібін бастауға қайтарымсыз грант алғаннан кейін оны берекелі іске айналдырудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ ол өңірде Президент тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Ауыл аманаты» жобасы аясындағы істерге айрықша тоқталды.

- Жобаны іске асыруға кіріскелі бері облыстың 5 ауылында жұмыссыздық жойылды. Бүгінгі күні 53 әйел тауарлы несие алса, 263 қыз-келіншек 2,5 пайызбен 1,1 миллиард теңге көлемінде қаржылай несие алып, өз кәсіптерін жолға қойды. Еліміздің батыс өңірлерінің басын қосқан бүгінгі ауыл әйелдері форумында халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы өзекті мәселелер көтеріліп, жүйелі жұмыстар жалғасын табады деп сенім білдіремін, — деді Ералы Тоғжанов.

Оның айтуынша, ақтөбелік қыз-келіншектер мен ақ жаулықты аналар осы жоба арқылы өз кәсібін бастауға не одан әрі дамытуға несие алып қана қоймай, тілек білдірушілерге көмек беру арқылы да оны жүзеге асыруға үлес қосып отыр.

Мысалы, кәсіпкер әйелдердің бірі 120 бас малды тауарлы несие ретінде таратып беріпті. Жиында ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық сая-

сат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Сүлеймен, Соса-Cola компаниясының Қазақстан мен Қырғызстандағы корпоративтік байланыстар және коммуникациялар жөніндегі менеджері Александра Аккирман, Батыстағы облыстар әкімдерінің орынбасарлары, т.б. форум жұмысына сәттілік тілеп, құттықтау сөз сөйледі.

Майра Айсина ауыл әйелдерінің өз қабілет-қарымына сай іс ұйымдастыру жолдарын әлі де таппай отырғанын, мемлекеттік бағдарламалар, басқа да түрлі жобалар арқылы ауылдағы әйел-аналардың белсенділігін арттырып, олардың арасында жұмыссыздықты неғұрлым азайтуға болатынын атап өтті.

— Мысалы, 2012 жылы Соса-Cola компаниясы бүкіл әлем бойынша 5 миллион әйелді өз ісін табуға ынталандыру, түрлі дәрістер өткізу жобасын қолға алып, оның аясында қазақстандық қыз-келіншектерді де қамту жөніндегі ұсыныспен бізге келгенде, біз ең алдымен, ауыл әйелдеріне назар аудару керектігін айттық. Осы жобаның аясында 11 жыл ішінде ұйымдастырылған түрлі тренингтер, дәрістер мен басқа да шараларға Қазақстаннан 60 мыңнан астам әйел қатысыпты. Соның ішінде 117 адамға өз ісін бастауға гранттар берілді, — деді. Айта кетейік, гранттар 2-4 мың доллар аралығындағы көлемде берілген.

Александра Аккирман біздің

елімізде бұл жобаның әлі де жалғаса беретінін атап өтті. Расында, осы форум аясында «Анаға тағзым» орталығында «Coca-Cola белестері» әлеуметтік жобасына қатысуға тілек білдірушілер үшін жеке кездесулер өтті.

Сондай-ақ аталмыш орталықта «Жасыл экономиканы қолдау және G-Global дамыту коалициясы»ЗТБ-ның бас менеджері Асыл Оқапова, «Әлеуметтік динамика» қоғамдық қорының директоры Елена Ожго тренингтер өткізіп, әйелдерге іс бастау жолдары, мемлекет пен түрлі үкіметтік емес ұйымдар тарапынан көрсетілетін қолдау, заңнаманы білу, т.б. маңызды мәселелер төңірегінде қажетті ақпараттар берді.

«Анаға тағзым» орталығы алдындағы алаңда ұйымдастырылған көрмеге ақтөбелік кәсіпкер әйелдердің қолынан шыққан бұйымдар, түрлі өнімдер қойылды. Солардың бірі — тігін цехының иегері Наркыз Тәжіғалиева кезінде «Coca-Cola белестері» әлеуметтік жобасына қатысып, өз ісін бастауға грант ұтып алған екен.

— 2020 жылы пандемияға байланысты үйде отырып қалдық. Сол кезде қайткенде табыс көзінен айырылып қалмау жолдарын іздеуге тура келді. Ғаламторды қарап отырып, осы жобаға көзім түсті. Қатысып көрсем деп шештім, бірақ грант ұтып алмамын деп ойламаған едім. Қазір өз ісімді жолға қойып, 9-16 жас аралығындағы балаларды тігін тігуге үйретіп жүрмін. Кейде шәкірттерімен бірге мол көлемде тапсырыс та аламыз, — деді ол.

Ізденіс, талпыныс соны Наркызды осындай нәтижеге жеткізді. Ол — 2020 жылдан бері осы жоба аясында грант ұтып алған 4 ақтөбеліктің бірі. Жалпы, Қазақстан ауыл әйелдерінің форумы соңғы алты жыл бойы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту және ауыл тұрғындарын нәтижелі жұмыспен қамту бағытында ауылдың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсарту жолдарын ізде-стіріп, бастамаларды талқылауға алаң ұсынып келеді. Осы уақыт ішінде 10 мыңнан астам әйел өз ұсыныстары-ның рөлін сомдаған Қазақстан Республикасының театр және кино актері, «Серпін», «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Асылханды жерлестері ыстық ықыласпен қарсы алып, айрықша қолдау көрсетті. Кездесуді алдымен аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолин ашып, Асылханға жерлестерінің лебізін жеткізіп, ашық сұхбаттауға шақырды.

«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында кездесу кешіне жан-жақтан жылған жастар ашық сұхбаттасты. Кездесу кешіндегі сауалдарды саралай келе жауап берген Асылхан Сайлауұлы жалпы өнер жолы оңай жол еместігін жасырмады.

Себебі оны танытқан «Жау жүрек мың бала» фильміне түсу үшін көп еңбектенген. 23 мың адамның ішінен таңдау алған жерлесіміздің айтары адамға алдымен бақ берсін дейді. Сонда ғана сенің бііктен көрінуің толық негіз бар.

да 18 шілде күні аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолин, «AMANAT» партиясының консультанты Молдашқали Жұмағалиұлы, қоғамдық кеңес мүшелері Айсулу Мәмбетова, Гүлсім Елекбаева депутаттық, қоғамдық, партиялық бақылау жасады. Аудандық мәслихат депутаттары бұған дейін де мердігер компанияның ауруханадағы құрылыс жұмыстарына бақылаулар жүргізген болатын. Ойыл аудандық аурухана ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстары үшін мемлекеттік сатып алу бойынша өткізілген конкурста «СК ЭкоСтройГрупп» ЖШС құрылыс компаниясы 391,7 млн. теңгеге жеңіп алды.

Құрылыстың аяқталу мерзімі 1 қазанға жоспарланған. Бүгінгі күні ғимараттың ішкі жұмыстары майлау, сылау, жұмыстары жүргізіліп, жылу жүйесі өзгертілуде. Алайда, кей жұмыс түрлерінің жұмыс кестесінен қалып, кешігіп орындалуы анықталып отыр. Орын алған олқылықтардың оң шешімін алу бойынша жұмыстар атқарылатын болады.



Өткен апта Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Айдар Смағұлов, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысы Бағлан Бейсенбаев, доғарыстағы судья Бағатай Ізтай ауданға іссапармен келді. Аудан әкімдігінде қоғамдық кеңес мүшелері, мекеме басшылары, аудандық мәслихат депутаттарымен кездесті. Алдымен аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша жан-жақты мәлімет беріп өтті.

Кездесу жиынының мақсатын түсіндіріп, еркін, ашық әңгімелесуге шақырды.

«Ауданға келген мақсатымыз - осы салада қандай өзгерістер бар, баладақта атқарылатын жұмыстармен таныстыру. Халықпен танысу, ардагерлеріміздің алдынан өту. Сонымен қатар көтерілген мәселелерді халықпен бірлесіп отырып шешу.

Жалпы Ақтөбе облысы медиация саласы бойынша бірінші орында, 54%-дан кем даулар медиация арқылы шешіліп, қысқартылып жатыр. Бұндай жетістікке жетудің өзі кездейсоқтық емес. Себебі медиация бір шешімге келу мүмкіндігін тәмамдалды деген жағдайларда да өз шешімін тауып, жақсы достық, серіктестік, қарым-қатынастарды сақтап қалумен қатар, абыройға кір келтіруге мүмкіндік береді. Ойыл ауданында да атқарылып жатқан жұмыстар жаман емес», - деп өңірдегі медиацияны ары қарай дамытуға тілегін білдірді Айдар Смағұлов. Сондай-ақ аудандық сотының төрағасы Сәуле Танимоваға ҚР Судьялар Одағының төрағасының Құрмет Грамотасын табыстады. Келесі кезекте сөз алған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосов жұмыстарына сәттілік тіледі.

Өз тілшіміз

АСЫЛХАН ТӨЛЕПОВ ЖЕРЛЕСТЕРІМҢІ ЖҮЗДЕСТІ

ОЙЫЛ Өңірінен өнердің өр шыңына қанат қаққан күміс көмей өншілер де, мың бұралған бишілер де, дәулескер күйшілер де аз емес. Олардың барлығы да ойыл тарихынан ойып тұрып орын алары хақ.



Бүгінгі күнде өнерпаз жастардың арасында биік-биік белестерді бағындырып жүргендердің бірі Асылхан Төлепов туған жеріне келіп, жерлестерімен кездесті. Сондай-ақ, Ақтөбе облысы грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының құрметті президенті Дәурен Жабасов келді. «Жау жүрек мың бала» фильмі мен «Сұңқар» телехикаясының басты рөлін сомдаған Қазақстан Республикасының театр және кино актері, «Серпін», «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Асылханды жерлестері ыстық ықыласпен қарсы алып, айрықша қолдау көрсетті. Кездесуді алдымен аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолин ашып, Асылханға жерлестерінің лебізін жеткізіп, ашық сұхбаттауға шақырды.

«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында кездесу кешіне жан-жақтан жылған жастар ашық сұхбаттасты. Кездесу кешіндегі сауалдарды саралай келе жауап берген Асылхан Сайлауұлы жалпы өнер жолы оңай жол еместігін жасырмады. Себебі оны танытқан «Жау жүрек мың бала» фильміне түсу үшін көп еңбектенген. 23 мың адамның ішінен таңдау алған жерлесіміздің айтары адамға алдымен бақ берсін дейді. Сонда ғана сенің бііктен көрінуің толық негіз бар.

Бұрын кастинг жарияланған киноларға түсуге өзі іздеп баратын болса, қазір оны режиссерлердің өздері іздеп келеді. Дәурен Жабасовқа қойылған сұрақтар легі де аз болмады. Жастардың спортшыға қойған сұрақтары әр-алуан болды. Мәселен, оларды спортшының алғашқы бапкері, спорт саласындағы жобалары, қазақстандық спорттың деңгейін көтеруге қатысты пікірлері, өскелең ұрпақты спортқа баулу мәселелері қызықтырды.

Өз кезегінде ол замандастарын салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Кеште балалық шақтың естеліктерінен сыр шертті, жып-жылы естеліктер де айтылды, ән де шырқалды. Өздерімен арнайы алып келген сый-сияпаттарын табыстаса, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосов ақ тілегін арнады. Осы кештен керемет өсерге бөленген жерлестері кішкентай ауылдан түлеп ұшқан ұлдарымен мақтанаттарынан айтып, естелікке суретке түсіп, «Қайда жүрсең де аман бол!» - деген тілектерімен шығарып салды. Ауылдастарының осындай құрметіне бөленген актер Асылхан Сайлауұлы барша жерлестеріне үлкен алғысын білдірді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ЖОЛ КАРТАСЫНДАҒЫ БІРҚАТАР НЫСАНДАРҒА ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ



Өткен апта аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолин, аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы, мәслихат депутаты Еркін Жиеналин, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы, Ойыл аудандық округі әкімі аппаратының бас маманы 2023 жылдың 26 мамырында «AMANAT» партиясының

2023-2027 жылдарға арналған Ақтөбе облысы бойынша «Халықпен бірге» атты сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасы аясында Қаракемер және Ақшатау елді мекендерінде болды.

Іссапар барысында ауыл тұрғындарына «Ауыл аманаты» жобасы бойынша түсінік жұмыстарын жүргізіп, әлеуметтік нысандарды,

медициналық пункттерді, мәдени ошақтарды аралап, мектептің модернизациядан өту барысына депутаттық бақылау жасады.

Сонымен қатар аудан бойынша әлеуметтік маңызды нысан болып табылатын аудандық ауруханасының күрделі жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілуі және бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды қадағалау мақсатын-

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының
«Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың
жол картасының орындалуы

✓

"Ауыл Аманаты" жобасы шеңберінде ауыл тұрғындары үшін жыл сайын микрокредит беру. 2023 жылға жоспар 40 жоба, қазіргі таңда шағын несие алғандар 10 жоба (25%) орындалып отыр.

✓

"Ауыл аманаты" шеңберінде жұмыс орындарын құру. 2023 жылға жоспар 25 адамға жұмыс орнын ашу, қазіргі таңда 10 жұмыс орны ашылып (40%) орындалып отыр.

✓

Суармалы жерлердің жалпы ауданын ұлғайту (мың га). 2023 жылғы 1,0 мың гектар жоспарланып, қазіргі таңда 0,150 мың гектар (15%) орындалып отыр.

✓

Ауыл шаруашылығы жәрменкелерін өткіз. 2023 жылғы 45 жәрменке жоспарланса, 5 ай қортындысы бойынша 20 ауыл шаруашылық жәрменке отип (44,4%) орындалып отыр.

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының
«Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың
жол картасының орындалуы

✓

Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын халықтың үлесі 2023 жылға көрсеткіш жоспарланып, қазіргі таңда 37,30 % орындалып отыр.

✓

Тұрғын үй құрылысы (жеке құрылыс салушылар және жеке құрылыс есебінен).2023 жылға 67 пәтер, 10 210 ш.м. жоспарланған, 5 айға орындалғаны 2726 ш.м. (26,7%)

✓

5 жыл ішінде тұрғын үймен қамтамасыз ету (отбасылар саны). 2023 жылға 68 отбасы жоспарланған, 5 айға орындалғаны 17 отбасы. (25%)

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының
«Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың
жол картасының орындалуы

✓

Денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеу. 2023 жылдың сәуір айынан бастап Ойыл аудандық аурухананың ғимаратына және қосалқы ғимарат пен от жағу ғимараттарына қаурделі жөндеу жұмыстары басталды. Құрылыс мерзімі 6 ай құрайд, соның негізінде объектіні тапсыру 2023 жылдың 1 қазанына жоспарлануда. Аудандық аурухананың негізгі ғимаратын күрделі жөндеужұмыстарын "СК ЭкоСтрой Групп" ЖШС жүргізуде, келісім шарт сомасы 391 771, 5 мың тенге құрайды. Қазіргі таңда демонтаж және монтаж жұмыстары жүргізілуде. Қосалқы ғимарат пен от жағу ғимараттарына қаурделі жөндеу жұмыстарын"BASPANA BUILD" ЖШС жүргізуде, келісім шарт сомасы 41 090,2 мың тенге құрайды.Қазіргі таңда бұл объект бойынша шатр жасакталуда.

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының
«Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың
жол картасының орындалуы

✓

Орман және табиғат қорғау мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің бекітілген нормативтеріне сәйкес 100% - ға дейін жеткізу."Орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі Ойыл шаруашылығы" КММ2023 жылға 56 % жоспарланып, қазіргі таңда 25% орындалып отыр.

✓

«Ойыл-Қараой» 0-30 автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары 0-15, 15-30 учаскелерге бөлінген. Жұмыстар өндірісінің кестесіне сәйкес 15-30 учаскесі 2023 жылдың тамыз-қыркүйек айлары аралығында жоспарланған. Ал 0-15 учаскесі осы жылдың қыркүйек-қазан айларына жоспарланған. Құрылыс жұмыстары 2022 жылы басталған және бүгінге итерілгені 332,934 млн. теңгені құрайды. Бүгінгі күнге 13 км дейінгі жеріне қосымша қиыршық тас төсеу жұмыстары жүргізілді. 2023 жылдың 5 айлығының қорытындысы бойынша ауданда аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 1,57% асфальт жабынымен қамтылған.

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының
«Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың
жол картасының орындалуы

✓

Мектептерде жыл сайын жөндеу жүргізу (мектеп саны). 2023 жылға 1 мектеп жоспарланған, қазіргі таңда Көсембай негізгі мектебінде «ЕРКЕН и К» фирмасы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде.

✓

Шағын қалалардағы, аудан орталықтарындағы және ауылдардағы мектептерді заманауи стандарттар бойынша жаңғырту. 2023 жылға 3 мектеп жоспарланып, Ш.Берсиев атындағы қазақ орта мектебі, Қаракемер мектеп-балабақшасы және Көсембай негізгі мектептері жоспарға енгізілді.

✓

Мектептердегі химия, биология, физика кабинеттерін 2027 жылға дейін кезең-кезеңімен жарактандыру (кабинеттер саны). 2023 жылға 3 кабинет жоспарланған, қазіргі таңда Көсембай негізгі мектебі және Ш.Берсиев атындағы қазақ орта мектебі – химия пәні бойынша кабинеттерді жарактандыру жоспарлануда

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының
«Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың
жол картасының орындалуы

✓

Халықтың сапалы ауыз суға қол жеткізуі 2023 жылға 5 айға көрсеткіш 96,48% құрап отыр. Ауданда 22 елді мекеннің 4 елді мекенінде ауыз су кешенді блок модульдері, ал 16 елді мекенінде ауызсу құбырлары арқылы сумен қамтылған.Ойыл ауданының Қарасу және Шұбарши ауылдарының ауыз сумен қамту объектілерінің Құрылысы 2022 жылы басталып, 2023 жылы аяқталуы жоспарланған. Бүгінгі күнге жұмыстары жүргізілуде. Аталған объектілердің құрылысы толығымен аяқталған жағдайда Ойыл ауданы тұрғындарының сапалы ауыз сумен қамтылуы 100% жетуі тиіс.

✓

96,7%-дан астам облыс тұрғындарын газбен қамтамасыз ету Бүгінгі күнге Ойыл ауданы тұрғындарының газбен қамтылуы үлесі 46,94 % құрап отыр. 2023 жылдың соңына дейін Екпетал ауылын газдандыру бойынша құрылыс жұмыстары аяқталған жағдайда бұл көрсеткіш 49,24% жетуі тиіс. Газ құбырымен ауданның 22 елді мекенінің тек 3-уі қамтылған. Яғни 13,64% ауылға газ жүргізілген. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 18,18 % жеткізу көзделеді

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының
«Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың
жол картасының орындалуы

✓

3 жасқа дейінгі балалардың 98%-дан төмен емес қамтумен ерте диагностика, профилактикалық іс-шаралар және вакцинация жүргізу. 2023 жылға жоспар 98 %, есептік мерзімге 3 жасқа дейінгі балалардың 97 % диагностика, профилактикалық іс-шаралар және вакцинация жүргізілді

✓

Қатерлі ісіктерді ерте анықтау үшін жыл сайынғы скрининг жүргізу (адам саны). 2023 жылдың жоспары 2155 адам, қазіргі таңда 750 адам (34,8%) орындалып отыр.

✓

Халықты спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету көрсеткішін жақсарту 2023 жылға көрсеткіш 144,40% жоспарланып отыр, жыл аяғына дейн орындалады.

САЙЛАУАЛДЫ
БАҒДАРЛАМАНЫҢ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының
«Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың
жол картасының орындалуы

✓

Жастарды жыл сайынғы жұмысқа орналастыру бойынша. 2023 жылға жоспарда 349 адам, қазіргі таңда 267 жас жұмыспен қамтылды. Оның ішінде бос жұмыс орындарына 123 жас, жастар тәжірибесіне 15 жас, алғашқы жұмыс орындары жобасы бойынша 3 жас, қоғамдық жұмыстарға 126 жас тартылды (76,5%) орындалып отыр.

✓

«Жасыл Ел» еңбек жасақтарын ұйымдастыру арқылы жастарды жазғы кезенге жыл сайынғы жұмысқа орналастыру бойынша. 2023 жылға 100 адам жоспарланып, қазіргі таңда Ойыл орман шаруашылығы арқылы «Жасыл Ел» еңбек жасақтарына маусым йынан бастап 30 жас өз жұмыстарын бастады. (30%) орындалып отыр

✓

Еріктілер (адам) санының артуы. 2023 жылға жоспар бойынша 63 ерікті, қазіргі таңда 40 (63,4%) ерікті тіркеліп отыр

✓

«Жер аманаты» партия комиссиясының жерлерді (га) қайтаруы. 2023 жылға 5000 га қайтару жоспарланған қазіргі таңда 2263 га (45%) орындалып отыр.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІІ - ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның, Т.А.Ж.,лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Шілде – 5,12,19,26 күндері Тамыз – 2,9,16,23,30 күндері Қыркүйек – 6,13,20,27 күндері Уақыты: сағ: 10:00 ден -12:00 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-13-70

2023 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ А.ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

(әлеуметтік желілерде онлайн-трансляциямен)

«Кездесулер өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес Ойыл ауданының әкімі А.Қ. Қазыбаев және ауылдық округ әкімдері тоқсан сайын аудан тұрғындарымен кездесулер (кездесулер аяқталған соң азаматтарды жеке қабылдаумен) келесідей күндері өткізеді: (әлеуметтік желілерде онлайн-трансляциямен)

№ т/б	Әкімінің Т.А.Ө.	Лауазымы	Елді мекенінің атауы, орны	Кездесулерді өткізу күні
тамыз				
1	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Қарасу ауылы, клуб ғимараты, Алашорда көшесі, 7	02.08.2023 ж., сағ. 09.00
2	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Аманкелді ауылы, клуб ғимараты, Астана көшесі, 19	02.08.2023 ж., сағ. 11.00
3	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Көптоғай ауылы, клуб ғимараты, Қазақстан көшесі, 18	02.08.2023 ж., сағ. 14.00
4	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Шұбарши ауылы, клуб ғимараты, Желтоқсан көшесі, 19	02.08.2023 ж., сағ. 16.00
5	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Бестамақ ауылы, клуб ғимараты, Тайсойған көшесі, 6	04.08.2023 ж., сағ. 09.00
6	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Ақкемер ауылы, клуб ғимараты, Жеткіншек көшесі, 9	04.08.2023 ж., сағ. 11.00
7	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Кемер ауылы, клуб ғимараты, Бейбітшілік көшесі, 15	04.08.2023 ж., сағ. 14.00
8	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Шикұдық ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 18	04.08.2023 ж., сағ. 16.00
9	Қазыбаев А.Қ. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Қоңырат ауылы, фельдшерлік пункт ғимараты, Ойыл көшесі,1	09.08.2023 ж., сағ. 08.00
10	Қазыбаев А.Қ. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Көсембай ауылы, клуб ғимараты, Орталық көшесі, 10	09.08.2023 ж., сағ. 09.00
11	Қазыбаев А.Қ. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Ақжар ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 4	09.08.2023 ж., сағ. 11.00
12	Қазыбаев А.Қ. Шауменов Н.С.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Қарасу ауылы, мектеп ғимараты, Ахмет Жұбанов көшесі, 5	11.08.2023 ж., сағ. 08.00
13	Қазыбаев А.Қ. Шауменов Н.С.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о,Қаратал ауылы, клуб ғимараты, Берсиев көшесі,35	11.08.2023 ж., сағ. 09.00
14	Қазыбаев А.Қ. Аманғосов А.С	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Екпетал ауылы, мектеп ғимараты, Жасыл ел көшесі, 21	11.08.2023 ж., сағ. 11.00
15	Қазыбаев А.Қ. Шауменов Н.С.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Құмжарған ауылы, клуб ғимараты, Бекет ата көшесі, 23	11.08.2023 ж., сағ. 14.00
16	Қазыбаев А.Қ. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбие а/о, Қаракөл ауылы, мектеп ғимараты, Абай көшесі, 10	16.08.2023 ж., сағ. 09.00
17	Қазыбаев А.Қ. Бисебаев Д.Қ.	Ойыл ауданының әкімі Сарбие а/о әкімі	Сарбие а/о, Сарбие ауылы, клуб ғимараты, Жастар көшесі, 13	16.08.2023 ж., сағ. 11.00
18	Қазыбаев А.Қ. Сұлтанов А.Ө	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараой а/о, Құбасай ауылы, мектеп ғимараты, Қызылқорған көшесі, 7	16.08.2023 ж., сағ. 14.00
19	Қазыбаев А.Қ. Сұлтанов А.Ө.	Ойыл ауданының әкімі Қараой а/о әкімі	Қараой а/о, Қараой ауылы, клуб ғимараты, Еңбеккерлер көшесі, 2	16.08.2023 ж., сағ. 16.00
20	Қазыбаев А.Қ. Аманғосов А.С	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Қаракемер ауылы, клуб ғимараты, Ынтымақтастық көшесі, 1	18.08.2023 ж., сағ. 09.00
21	Қазыбаев А.Қ. Аманғосов А.С	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Ақшатау ауылы, мектеп ғимараты, Ақжол көшесі, 1	18.08.2023 ж., сағ. 11.00
22	Қазыбаев А.Қ. Аманғосов А.С	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі ғимараты, Көкжар көшесі, 68	18.08.2023 ж., сағ. 15.00

Өр кездесуден кейін азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау жүргізіледі.

ИНФЕКЦИЯ - ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Инфекция термині - микроор-ганизмінің макроорганизмге енуімен және көбеюімен түсін-діріледі. Инфекция - түрлері өте көп, мағы-насы – жұқтырамын, өзге нәрсені енгіземін дегенді білдіретін кезге көрінебейтін ағзалар.

Инфекция - жұпталы аурулар бірлестігі

- қоздырғыштың болуы - яғни бактерия, вирус, гельминттер, саңырауқұлақтар болуы мүмкін.
- инкубациялық кезең болуы - бұл жасырын кезең, аурудың жұққан-нан бастап аурудың алғашқы бел-гілері білінгенге дейінгі.
- Иммунды жауапты кезең болуы - кез келген ауруға қарсы тұруы, оны иммунитет деп атайды.

Иммунитет

- Туа біткен иммунитет - ол ата-анадан, ана сүті арқылы
 - Жүре біткен иммунитет - ол бір аурумен ауырып, жазылып келесі ауаны ауырту, яғни жүре пайда бо-лу.
 - Жасанды иммунитет – қолдан жасалған - мысалға вакцина, са-рысу енгізу арқылы т.б.
- Инфекция көзі - науқас адам немесе ішек инфекция қозды-рғыштарының тасымалдаушыла-ры, соның ішінде көп кездесетін жұқпалы аурулардың бірі - Ішек

инфекциясы. Инфекцияны көп жағдайда шыбындар таратады. Ішек инфекцияларының түрлері: 1. Тырысқақ. 2. Тамақтан улану. 3. Дизентерия. 4. Іш сузегі т.б. Белгілері - іштің өтуі, дене қызуы-ның көтерілуі, әлсіздік, шөлдеу, құсу, асқа тәбеті болмау. Ауру одан әрі асқынбау үшін дәрігер көмегіне жүгінген дұрыс, өздігін-ше емделу аурудың асқынуына әкеліп соғады. Бұл уақыттарда сұйықтықтарды мол, көбірек іш-кен дұрыс.

Сақтану жолдары:

- Жеке гигиена ережелерін сақтау, қолды сабынмен мұқият жуу.
 - Пайдалану алдында жеміс пен көкөністі жақсылап жуу.
 - Тез бұзылатын тамақ өнімдерін – тоңазытқышта сақтау.
 - Сүт, жұмыртқа өнімдерінен сақтану қайнату.
 - Су қоймаларында, бассейнде шомылған кезде, ауызға су кетпе-уін қадағалау.
- Қорыта келе, осы іс-шаралар-ды күнделікті өмірде пайдала-ну арқылы іш ауруларының ал-дын-алуға болатындығын айта келе, мейлінше тазалық гигиена-сын сақтаған шақырамыз!

М.ҚАЛЖАНОВА,

Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зертханашысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫН ТЕЖЕЙДІ



Сыйбалас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсы-здығын жоятын, құқықтық түсін-діру жұмысының сапасын артты-рудың маңызы зор. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылғы 2 ақпандағы №802 жар-лығымен Қазақстан Республика-сының сыйбалас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымда-масы қабылданған болатын. Жаңа бағдарламалық құжатқа сәйкес еліміз бүгінде сыйбалас жемқорлыққа қарсы қалыптасқан іс-қимылмен қатар сыйбалас жемқорлықтың кез келген түрінен бас тарту арқылы қоғамдық сана-ны түбегейлі өзгертуге мүдделі. Сыйбалас жемқорлықпен күресу қоғамда сыйбалас жемқорлыққа

қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқ-самайтын әлемдегі барлық елге ортақ. Сыйбалас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Респу-бликасы азаматтарының азамат-тық борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек. Бұл жағдайдан аудан халқы да қал-ыс қала алмайды. Аудандағы экономика, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласын-дағы жешімдер аудан халқы арасы-нда, қоғамдық кеңесте және басқа да белсенді ұйым өкілдері тарапынан талқыланып, қабыл-данады. Сондай-ақ ауданымызда халыққа көрсетілетін мемлекет-тік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігі толықтай қамтама-сыз етілген. Сыйбалас жемқор-лыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарға сәйкес қажатының негізгі бағыты - мемлекеттік қыз-мет көрсету сапасын арттыруға көмектеседі. Аудандағы мем-лекеттік мекемелер қоғамдық ұйымдармен бірігіп, сыйбалас жемқорлықты жою және түсіндіру, оның көріністерін болдырмау мақ-сатында ветеринария саласының өкілдерімен кездесіп, жемқор-лыққа қарсы іс-қимыл мәселері туралы түсіндірме жұмыстарын бірлесе жұмыс жасау мақсатында ауқымды науқан ұйымдастырып тұрады.

ҚР АШМ ВБЖҚ Комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ӨЗГЕРДІ

ЕНДІ ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН ЖАЛҒАН ТЕКСЕРУ БЕЛГЕЛЕРІН АНЫҚТАҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КАРТАЛАРЫ ЖОЙЫЛАДЫ. ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КАРТАДАН БАС ТАРТУ КЕЗІНДЕ АВТОКӨЛІК ИЕСІНЕ 1414 НӨМІРІНЕ ТЕХНИКА-ЛЫҚ БАЙҚАУДАН ҚАЙТА ӨТУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ SMS ХАБАР-ЛАМА КЕЛЕДІ.



Диагностикалық картаның күшін жоюды «Міндетті техникалық қа-рап-тексеру» бірыңғай ақпарат-тық жүйесінің Операторы және жұмыс тобы жүйеге келіп түсетін деректердің мониторингі кезінде жүзеге асырады. Аталмыш өз-герістер көлік құралын міндетті техникалық байқаудан өткізуді ұйымдастыру және өткізу қағи-даларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты орын алды. Диагностикалық карта – техника-лық байқаудан өткенін растайтын құжат, онсыз автомобиль елде жүре алмайды. Картаны міндетті техникалық байқаудан өту ереже-леріне сәйкес техникалық байқау орталықтары (операторлар) бе-реді. «Жыл сайын біз жалған те-хникалық байқаудан анықталған операторлардың жұмысын тоқта-тамыз. Тек 2021 жылдың өзінде 249 орталық иесінің жүйеге қол жеткізу тоқтатылды, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 168-ге дейін төмен-деді. Техникалық байқаудан өту ережелерін бұзған жағдайда тексеру орталықтарының иелері ғана емес, сонымен қатар көлік иесінің өзі де жауапты. Біз жалған техникалық байқаудан өтуді ұсын-баймыз, себебі қазір техникалық байқау станциясында жұмыс істе-уге рұқсаттың күші жойылып қана қоймай, сол ұйым берген барлық тексеру деректері де жолады », - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин. Айта кету керек, техникалық бай-

қаудан өту ережелеріне сәйкес, жаңа автокөліктердің иелері 7 жыл бойы техникалық байқаудан өте алмайды, қалғандарды көлік-ті келесі кезеңділікпен техника-лық байқау орталықтарында тек-серуге міндетті: 1) әрбір 12 ай сайын – шыға-рылған жылын қоса алғанда, жасы 7 жылдан асатын, автомо-биль көлігі саласындағы кәсіпкер-лік қызметте пайдаланылмайтын М1 санаттары, N1-3, O1-4, L1-7, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасы-малдауға арналған және жаб-дықталғандарды қоспағанда, ар-найы және мамандандырылған көлік құралдары; 2) әрбір 6 ай сайын-автомобиль көлігі саласында кәсіпкерлік қы-зметте пайдаланылатын М1 са-наттары, M2, M3, N, адамдарды тасымалдау үшін жабдықталған, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасы-малдауға арналған және жаб-дықталған M1, N1-3, және O1-4 санаттары. Техникалық байқаудан өтпегені үшін әкімшілік айыппұл - 5 АЕК (2023 жылы 17 250 теңге). Айта кетейік, «ҰАТ» АҚ ҚР Үкіметінің қаулысымен «Міндет-ті техникалық қарап-тексеру» бірыңғай ақпараттық жүйесінің Операторы болып белгіленді. Сондай-ақ, Үкіметтің қаулысымен «Міндетті техникалық қарап-тек-серу» бірыңғай ақпараттық жүйе-сі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізбесіне енгізіл-ген.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы

ПРАВИЛА ПРОХОЖДЕНИЯ ТЕХОСМОТРА ИЗМЕНИЛИСЬ

Теперь диагностические карты технического осмотра, по кото-рым обнаружены нарушения и признаки проведения фиктивного техосмотра будут аннулированы. При аннулировании диагностиче-ской карты, владельцу авто будет направлено SMS сообщение от 1414 о необходимости повторно-го прохождения технического ос-мотра. Аннулирование диагностиче-ской карты выполняется Опера-тором единой информационной системы «Техосмотр» и рабочей группой во время мониторинга поступающих данных в систему. Изменения связаны с внесенны-ми изменениями и дополнениями в Правила организации и прове-дения обязательного техосмотра транспортного средства. Диагностическая карта – под-тверждающий документ о про-хождении техосмотра без которо-го авто не может передвигаться на территории страны. Карта вы-дается центрами (операторами) технического осмотра в соответ-ствии с правилами прохождения обязательного техосмотра. «Ежегодно мы приостанавлива-ем работу Операторов у кото-рых были выявлены фиктивные техосмотры. Только за 2021 год доступ к системе приостановле-но 249 владельцам центров, а в 2022 году это цифра умень-шилась до 168. При нарушении правил прохождения техосмотра несут ответственность не только владельцы центров техосмотра, но и сами владельцы авто. Не рекомендуем проходить «левый» техосмотр, потому что теперь не только отзывается разрешение на работу у станции техосмотра, но и отменяются все данные те-

хосмотра выданные этой органи-зацией»,- отметил Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Коняшкин. Отметим, по правилам прохож-дения техосмотра, владельцы новых автомобилей могут не про-ходить техосмотр в течение 7 лет, остальным требуется провести проверку авто в центрах техни-ческого осмотра со следующей периодичностью: 1) каждые 12 месяцев – катего-рий М1, возраст которых более 7 лет, включая год выпуска, не ис-пользуемые в предприниматель-ской деятельности в сфере ав-томобильного транспорта, N1-3, O1-4, L1-7, а также специальные и специализированные транс-портные средства, за исключени-ем предназначенных и оборудо-ванных для перевозки опасных грузов; 2) каждые 6 месяцев – категорий М1, используемые в предприни-мательской деятельности в сфере автомобильного транспорта, M2, M3, N, оборудованные для перевозки людей, а также кате-горий М1, N1-3, и O1-4, предна-значенные и оборудованные для перевозки опасных грузов. Административный штраф за не пройденный техосмотр – 5 МРП (17 250 тенге в 2023 году). Отметим, АО «НИТ» поста-новлением правительства РК определен Оператором единой информационной системы обя-зательного технического осмотра (ЕИС «Техосмотр»). Также ЕИС «Техосмотр» постановлением правительства включен в пере-чень критически важных объек-тов информационно-коммуника-ционной инфраструктуры.

Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі КММ және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің кіші қызметкері Жайсаңбаева Айсау-леге бауыры	Ерланның қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айта-ды.
--	---

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 жұмыс Байланыс телефондары: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1321 дана. Тапсырыс 1021 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Төбесі сапасы менінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«АЛТЫН АЛҚАЛЫ» ҚАЗЫНАШЫ



Отбасының берекесі, ынтымақ пен ырыстың ұйытқысы бола білген көпбалалы аналар қашанда құрметке де, қошеметке де лайық. Алтын құрсақ аналардың дүниеге сәби әкеліп, сол баланы тәрбиелеу жолында еткен еңбектерін ештеңемен теңестіре алмайсың. Балаларын байлығына теңеген «Алтын алқалы» аналардың бірі — Ойыл аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы - Гүлсамал Елеусізқызы Ембергенова. Гүлсамал Елеусізқызы 1980 жылы 1 қарашада Шалқар қаласында көп балалы отбасында дүниеге келген. 2002 жыл Қарағанды экономикалық университетінің колледжін,

2010 жылы С.Бәйшев атындағы Ақтөбе университетінің «Экономика» факультетін бітіріп, «Экономист-бухгалтер» біліктілігін алып, еңбек жолын 2002 жылы Ақтөбе қаласында «Ақтөбеспецстроймонтаж» ЖШС-нде бухгалтер қызметінен бастаған. 2007 жылдан бастап осы кезге дейін Ойыл аудандық қазынашылық басқармасында бас маман-бас қазынашы қызметін атқарып келеді. Отбасымен қатар, мемлекеттік қызмет саласында жемісті еңбек етіп, биіктерден көріне білді. Еңбегі бағаланып, Ақтөбе облысы бойынша қазынашылық департаментінің, ҚР Мемлекеттік қызмет

істері агенттігінің және бірнеше рет аудан әкімінің Алғыс хаттарына ие болды. Бүгінде жолдасы Дәурен Қаржауұлы да мемлекеттік қызметте. Екеуі жеті бала тәрбиелеп отырған ауданымыздағы үлгілі отбасылардың бірі. Үйдің берекесі, қыз бен ұлдың өнегесі бола білген ана алдында бәріміз қарыздармыз. Балаларын «айналайын» сөзімен аялап, жан-жағына шуағын шашып жүрген Гүлсамал Елеусізқызы сияқты батыр ананың жүрек жылуымен өмір көркем, әлем әдемі.

Құралай ҰЛЫҚПАНОВА, өріптегі.

КЫСТЫҢ КАМЫН КЕШ ОЙЛАСАН...

2023-2024 ЖЫЛДАРДАҒЫ МАЛ ҚЫСТАТУ КЕЗЕҢІНЕ ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША 70,4 МЫҢ ШАРТТЫ БАС АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫ ТҮСЕДІ ДЕП КӨЗДЕЛУДЕ. БҰЛ КӨР-СЕТКІШ ӨТКЕН МАЛ ҚЫСТАТУ НАУҚАНЫМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 10,4 ПАЙЫЗҒА АРТЫҚ, БИЫЛ АУДАН БОЙЫНША МАЛ ҚЫСТАТУ НАУҚАНЫНА 215,1 МЫҢ ТОННА ЖЫЛ ЖАРЫМ-ДЫҚ ШӨП ДАЙЫНДАУ ТАПСЫРМАСЫ БЕРІЛДІ.



Бүгінде аудан бойынша 69,2 мың тонна шөп дайындалып тапсырма 32,7 пайызға орындалды, шөп дайындау жұмыстары шаруашылықтарда енді қарқын алуда, тапсырма мерзімінде орындалады деп ойлаймыз. Шабылған алқаптан шөптің орташа түсімі 3,5-4,0 центнердің жобасын құрап отыр. Ауданда мал азығын дайындауға жер көлемі, қажетті техника және жұмыс күші жеткілікті. Мал азығын дайындау барысында шаруашылықтар мен тұрғындар қолда бар мүмкіншіліктерін барынша тиімді пайдаланып, қысқа мерзімде мал азығын дайындап, жинап алулары қажет. Аудан әкімінің қаулысымен жеке тұрғындардың ауылшаруашылық жануарларын мал азығымен қамту мақсатында қосымша мемлекеттік жер қорынан 8500 га шабындық жер мал азығын дайындауға атсалысып жүрген жеке шаруа қожалықтарына қысқа мерзімге шөп шабу мақсатында жалға берілді. Сондай-ақ ауылшаруашылығы техникаларының дайындығын және өртке қарсы іс-шараларда ұйымдастыруды, жайылым алқаптарын жасақталған жоспарға сәй-

кес пайдалану, қысқы мал азығын дайындау барысын қадағалау үшін жергілікті атқарушы орган, мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысумен жұмысшы топтары құрылып, бақылау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге аудан бойынша мал азығын дайындау науқанына 113 бригада шығып, 132 трактор, 120 трактор тіркемесі, 113 шөп шабу агрегаты, 63 шөп тайлағыш агрегаттары жұмылдырылуда. Қажеттілігіне қарай мал азығын дайындауға әлі де қосымша бригадалар шығатын болады. Ағымдағы жылы шаруашылық субъектілеріне мал азығын дайындау жұмыстарына бір литрі 269,00 теңгеден белгіленген 1056,0 тонна арзандатылған дизель отыны бөлініп отыр. Табиғи мал азығын дайындаумен қатар, «Тәжібай-Агро» ЖШС, «Еңсеген» АӨК, «Ақорын» ШҚ, «Орынша» ШҚ, «Көбек» ШҚ және «Атамекен» шаруа қожалықтары арпа, біржылдық және көп жылдық екпешөп дақылдырын егіп, мал азығының сапасына мән беріп отыр. Көріп жүргендей жыл сайын мал

азығы бағасы қымбаттауда, бір көлік шөптің орташа бағасы ауданда 50 мың теңге көлемінде. Бұл дегеніңіз егерде екі сиыр, оншақты қой, бір жылқыңыз болса, сізге кемінде 3-4 көлік шөп керек. Одан басқа жем, күрпі секілді басқа да азық түрлері бар. Ауданда жаз басталысымен қысқы мал азығын дайындау барысында атқарушы билік шөп сататын шаруашылықтармен келіссөз жүргізіп, қосымша әр округте мал азығы қорын ұйымдастыруға, мал азығы бағасының өспеуіне күш салып, шілде айының басынан әр алап сайын аудан орталығында жәрмеңке ұйымдастырып, бір бума шөп құнын 450-500 теңге, бір орам шөп 5000,00 теңге көлемінде сатылуда. Алайда жеке тұрғындар әртүрлі себептермен мал азығын уақытында алуға асығар емес. Ал, күн өткен сайын мал азығының сапасы кеми беретінін білеміз! Сондықтан, тұрғындардың сапалы шөпті осы бастан алып қалғандары дұрыс! Қыстың қамын кеш ойласаң, ол қосымша шығынға соқтырады!

Абат МҮБАРАКОВ,
Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ: ТАЛАП ПЕН МІНДЕТ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНАН БАСТАП ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫ ЕСЕБІНЕН ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМІ БАР МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУҒА 80 ОРЫНҒА ГРАНТ БӨЛІНДІ.

Оның 38-і — бакалавриат, 42-сі — резидентура. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Нұргүл Бертілеуова айтты. — 14 шілдеде гранттарды тағайындау жөніндегі облыс әкімдігінің комиссиясының отырысы өткізіліп, өңірге қажет, сұранысқа ие мамандықтар анықталды. Қажеттілік облыстық басқармалар мен қала, аудан әкімдіктерінің сұранысы негізінде нақтыланды. Комиссия шешімімен 2023-2024 оқу жылына жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға 80 орынға грант бөлініп отыр, — деді Нұргүл Бертілеуова. Заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың комиссиясы құрамына сол органдардың қызметкерлері, үкіметтік емес ұйымдар, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік палаталары мен азаматтық қоғам институттары өкілдері кіреді. — Аталған гранттар өңірдің еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, білім беру бағдарлама-

ларының топтары бойынша бөлінеді. Осы гранттарға ие болған әрбір жеңімпазбен ұшжақты келісімшарт жасалады. Олар жоғары оқу орынын бітіргеннен кейін облыстағы кадр тапшы кез келген елді мекенге барып, келісімшарт негізінде кем дегенде 5 жыл уақыт жұмыс жасауы қажет. Бұл — міндет, — деді Нұргүл Лескенқызы. Оның айтуынша, актерлік өнер, режиссура, балық шаруашылығы, су ресурстары, дінтану, теология, исламтану, сәулет және құрылыс, бағалаушы және математика, физика, химия, бастауыш сынып, орыс тілі және әдебиеті, бастапқы әскери дайындық және денешынықтыру пәндерінің мұғалімдері мамандықтары бойынша құжат қабылданбақ. Айта кету керек, 5 жылдан бері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Үкіметтің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысына сәйкес облыста жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау үшін мемлекеттік білім беру тапсырысы (әкім гранты) бөлінуде. Мысалы, бастапқы екі

жылы — 100 гранттан, 2020-2022 жылдары 80 гранттан бөлінді. Қазіргі уақытта осы гранттар бойынша 15 жоғары оқу орнында 293 студент білім алуда. 124 түлек жұмыс жасап жатыр. — Тамыздың 5-і күні өткізу жоспарланған комиссияның келесі отырысында бұл мамандықтар бойынша білім беретін оқу орындары анықталады. Комиссия жұмыс барысында жоғары оқу орындарының тапсырған құжаттары негізінде белгілі критерийлерге (кадрлар әлеуеті, жатақхана-ның болуы, ғылыми жетістіктері, түлектердің жұмыспен қамтылу пайызы, ЖОО-ның рейтингісі) көңіл бөлінеді, — деді Нұргүл Бертілеуова. Республикалық грант нәтижелері белгілі болған соң (шамамен 10-15 тамыз аралығы бакалавриат, 24 тамыздан кейін магистратура мен резидентураға) жергілікті грантқа құжат қабылдау басталады. Құжат тапсыруға 3 күн мүмкіндік беріледі. Комиссия мүшелері талапкерлердің біліміне, яғни ҰБТ (бакалавриат) мен емтихан (магистратура, резидентура) нәтижелеріне басты назар аударады.

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ.

1 МАУСЫМНАН МӘМС БОЙЫНША КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР 1414 АРҚЫЛЫ БЕРІЛЕДІ

ХАЛЫҚТЫҢ ҚОҢЫРАУ ШАЛУ МҮМКІНДІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ «ЖОҒАЛҒАН» ҚОҢЫРАУЛАРДЫҢ ҮЛЕСІН ҚЫСҚАРТУ ҮШІН МӘМС ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КОНСУЛЬТАЦИЯЛАРДЫ 1414 БІРЫҢҒАЙ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ ҰСЫНАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ӨЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ ХАБАРЛАДЫ.

Қазіргі уақытта бірыңғай медициналық ақпараттық байланыс орталығы 1406 нөмірі бойынша жұмыс істейді. Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорының байланыс орталығы 2019 жылдың қыркүйегінде іске қосылды, ал 2020 жылы 1406 коронавируска қатысты сенім телефоны болып жарияланды. Осы жылдардың ішінде азаматтардан 2,4 млн-ға жуық өтініш қабылданып, өңделді. Олардың 90%-дан астамы консультативтік сипатта болған. Қорға көбінесе Астана, Алматы қалаларының, Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды облыстарының тұрғындары өздерін мазалаған сұрақтар бойынша жиі жүгінеді. «Күн сайын азаматтардың міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы хабардарлығы артып келеді. Адамдар өз құқықтарын зерделеп, қызығушылық таныта бастады және олар өз жағдайларын түсініп, келеңсіздіктерді шешуге көмектесуді сұрайды. Бүгінгі таңда

өтініштер көбейіп келеді. Сол себепті азаматтарға кеңес беру қызметін 1414 бірыңғай байланыс орталығына беру туралы шешім қабылданды. Ол жерде операторлардың штаты кеңірек, сонымен қатар қоңыраулардың мол ағынын қабылдау үшін техникалық мүмкіндіктер қарастырылған. Бұл абоненттердің жауап күту уақытын бірнеше минуттан бір минутқа дейін қысқартады. Сондай-ақ бұл халықтың қоңырау шалу мүмкіндігін арттырады және «жоғалған» қоңыраулар үлесін азайтудың тиімді жолы болып саналады», — деп түсіндірді Өлеуметтік медициналық сақтандыру қоры заңды және жеке тұлғалармен жұмыс департаментінің директоры Забира Оразалиева. 1414 операторлары 9.00-ден 21.00-ге дейін консультативтік сипаттағы сұрақтар бойынша қоңыраулар қабылдайды әрі оларға жауап береді. Егер ситуациялық сипаттағы өтініштер тереңірек зерделуді қажет етсе, онда олар Қор мен

медициналық ұйымдардың өкілдері өңдейтін екінші және үшінші желілерге жолданады. Бұл ретте Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, fms.kz ресми сайты немесе Telegram-дағы @SaqtandyruBot сияқты Қордың баламалы байланыс арналары бұрынғыдай жұмысын жалғастыратын болады. Оператордың жауабын күтіп, уақытты жоғалтқысы келмейтін азаматтар өз сұрақтарын сол арналарға жібере алады. Сондай-ақ Электронды үкіметтің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аудармалардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебесіңді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСКЕРМЕСЕН, СУДАН КЕЛЕР ҚАТЕР КӨП!



Жаздың ыстық күндерін асыға күткен адамдар өзен-көлге шомылуға, балық аулауға асығады. Өкінішке орай, кейбіреулер үшін жағажайдағы демалыс өмірінің соңғы сәтіне айналып жатады. Жақсы жүзетін адам үшін су қорқынышты емес. Бірақ жүзе білетін адам да суда болғанда арнайы ережені сақтауы керек. Суда тәртіпті сақтамау адамдарды бақытсыздыққа және адам өліміне әкеп соқтырады. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың 23 шілде күні ауданымыздың Қаратал ауылында 1960 жылы туған азамат белгісіз себептермен суға батып, мерт болды. Осындай жағдайлар болдырмау үшін жазғы демалыс уақытында жағажайлар мен өзен-көлдердің жағасында құмға қыздырылып, күнге күйіп, суға шомылудың

жаңға жайлы екендігі әркімге белгілі. Алайда немқұрайлық танытып, суға шомылудың қауіпсіздік шаралары мен ережелерін сақтамаған жағдайда демалыс сәті қас-қағымда қайғылы жағдайға айналып шыға келуі мүмкін. Жүзу білмесеңіз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол бермеңіздер. Тыйым салынған аймақтарда шомылған суға түсушілерге ҚР ӨҚБТК-нің 364 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немесе 112 нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз. 103 нөмірі арқылы медициналық жәрдем жәрдем шақырту қажет. Медицина-

лық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек. Төменде зардап шеккен, су жұтқан кездегі көрсетілетін алғашқы көмектің кейбір әдістері келтірілген: **Су жұту** - тыныс алу жолдарын сұйықтықпен немесе сұйық массалармен толтыру. Су жұту белгілері болып, ауыздан көбік бөлу, жүрек қызметінің және тыныс алудың тоқтауы, көз ұлпасының кеңейуі, тері жамылғыларының көгеруі табылады. **Алғашқы көмек** — ауыз қуысын тазарту, сосын зардап шеккенді құтқарушының жамбасына қойып, бұл кезде зардап шеккенің басы жерге қарай салбырап тұруы, кеудесі мен арқасын қаттырақ қысу арқылы іштегі және өкпедегі суды шығару керек. Бұдан кейін тездетіп жасанды тыныс алдыруды жүргізеді. **Бөлбөулерді, тартпаларды, орамалдарды және т.б. қолдану әдісі:** Жүрек қызметін қалыпқа келтіру үшін жасанды тыныс алдырумен қатар жүрекке массаж жасау керек. Жүрек аймағына әрбір 5-6 басу арқылы жәбірленушінің аузы немесе мұрны арқылы ауа үрлейді. Мұны тыныс алу және жүрек соғуын толық қалыпқа келгенше жасайды. Жүрек қызметі және тыныс алу қалыпқа келгеннен кейін жәбірленушің жылытып, жамылдырып және медициналық пунктке жеткізу керек. **Есіңізге болсын! Өздеріңіз суға түсу ережесін біліңіз және өз балаларыңызды үйретіңіздер!**

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі